

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Қорапша

ЖАРИЯЛАНДЫ  
23.10.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/83599/>

Аймаханбетова Жанар Ермековна

Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы: Қорапша

Мектепалды даярлық логопедтік тобы.

Білім беру саласы: «Денсаулық».

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қауіпсіз мінез құлық негіздері.

Тақырыбы: «Сиқырлы қорапша»

Мақсаты: Балаларға денсаулықтың адам өміріне қаншалықты қажет екендігі туралы түсінік беру.

Логикалық ой-өрісін, қиялын, зейінін, есте сақтау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту. Балалардың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру. Табиғатты аялауға, қорғауға, тазалық сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: кедір жолдар, айналар, жапырақтар кейіпкер

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелесу, түсіндіру, өлең шумақтары.

Шаттық-шеңбері:

Шуағын шашады,

Күн шықса жиектен.

Жылу алып нұрынан

Денсаулықты түлеткем.

Денсаулық-ол күлуің,

Көңіл-күйің жадырай

Денсаулық -ол жүруің,

Ешбір жерің ауырмай

1. -Сәлеметсіңдерме Балалар! (балалар амандасады)

2. -Ал енді орнымызғы ақырын жайғасып отырамыз.

3. Сұрақ -жауап:

а) – балалар денсаулық бізге не үшін қажет?

ә) – денсаулықты сақтау үшін не істеуіміз қажет?

б) – денсаулығымыз жоқ болса, біз қандай боламыз?

в) – Бір жылда неше мезгіл бар? Атап беріңдер (балалардың жауабы).

г) – Қазір жылдың қай мезгілі? (балалардың жауабы).

ғ) – Күз мезгілінде неше ай бар? Қазір қандай ай? (балалар жауабы).

д) – бір аптада неше күн бар? Атаймыз (балалардың жауабы).

е) – күз мезгілігінің ерекшеліктері қандай?

(балалардың жауаптары е-1: Мәди-Күн суытады бірақ күн шығып тұрады. е-2: Таир-аспанда бұлттар болады; е-3 Райяна: Жаңбыр жауады: е-4 Искандер: құстар жылы жаққа ұшып кетеді, е-5 Нурали- жапырақтар сарғайып жерге түседі: е-6 Жасмин-жемістер піседі, е-7 Али-көкөністер піседі, е-8 Эмирхан- жапырақтанр түседі )

4. Есік қағылып Жаңбыр кіріп келеді:

-Сәлеметсіңдерме балалар! Мені таныдыңдарма? Мен Жаңбырмын. Сендер мені шақырдыңдарма? Мен сендердің Жаңбыр деген сөздеріңді естіп қалдым. Менімен қызықты ойын ойнағыларың келеді ме?

Сергіту Сәті: Нәсер жауын

(балаларға сергіту сәтін өткізеді)

— Жарайсындар балалар, бір сергіп қалдық, Жаңбыр жауғаннан кейін не шығады? Ой балалар, ал менің кемпірқосағым қайда? Жаңа мен сиқырлы аралда болғанмын. Сендер шақырған соң асығып кетіп қалдымал кемпірқосақ қалып қойған секілді. Кемпірқосақты әкелуге сендер маған көмектесіңдер.

— Ал балалар Сиқырлы аралына барамыз ба? Ендеше кеттік. Бәріміз сиқырлы кілемге отырамыз. Жайғасып отырамыз және көзімізді жұмамыз. (балалар көздерін жұмып жайғасады).

5. – Сиқырлы аралына келу:

— балалар міне аралымызға де келдік. Мұнда да кемпірқосақ көрінбейді, қане жан-жағымызды қарап көрейік. Балалар мұнда бір қорапша тұрған секілді, бірақ оны алу үшін мына кедергілерден өтуіміз қажет.

1-тапсырма: Жалпы маторикасы

-Балалар мына кедір жолдармен жүріп өту керек. (балалар кедір жолдармен жүріп шығады).

2- тапсырма:

-Балалар мына судан аттап ары – бері өтуіміз керек. Суды басып қалмаймыз. Жарайма. Ал кеттік (балалар айнадан ары бері өтіп шығады).

3-тапсырма: Тыныс алу- «Жапырақ үрлеу»:

-Балалар судың бетіндегі жапырақты үрлейміз (балалар айна бетіндегі жапырақты үрлейді).

4. –тапсырма: Артикуляциялық жаттығу:

— Сағат (тілдерін оңға, солға қимылдату)

-Алтыбақан (жоғары төмен қимылдату)

-Тәтті тосап (тілмен ерінді жалайды)

— Ат шауып келеді (тілмен таңдай қағу)

5.- Логоритмика: Балалар ортада тұрып қимыл-қозғалыспен әнді орындап береді.

Ән: «Күз келіпті тамаша»

-Жақсы балалар біз барлық кедергілерден өткен секілдіміз,себебі қорапшаға жол ашылды,ал енді қорапшаны ашып көрейік, Бұл не балалар? Өте жақсы біз кемпірқосақты таптық. Ендеше қорапшаны алып сиқырлы кілемшемізге отырып тобымызға қайтамыз.(балалар қорапшаны алып кілемге отырып көздерін жұмып топқа келеді).Топқа барып кемпірқосақты орнына қояйық.

— Балалар енді бұл қорапшада шатасқан кемпірқосақтың неше түрлі түстері жатыр екен.Бұны құрастырып қоюымыз қажет.Ал жаңбыр бізді жоғарыдан тамашаласын.Ой ,балалар мұнда түрлі-түсті хаттар жатыр екен.хаттардың сыртында сандармен белгіленген.Сандарды өсу ретімен орналастырып қоямыз.

Қорытынды:

-Балалар денсаулық бізге не үшін керек?(жауап берген бала тақтаға шығып кемпірқосақ түсін тақтаға қояды).

-Деніміз сау болу үшін не істеуіміз керек? (жауап берген бала тақтаға шығып кемпірқосақ түсін тақтаға қояды).

-Балалар бізге кім келді? (Жаңбыр) (жауап берген бала тақтаға шығып кемпірқосақ түсін тақтаға қояды).

-Жаңбырмен қандай ойын ойнадық? (жауап берген бала тақтаға шығып кемпірқосақ түсін тақтаға қояды).

-Жаңбырға қандай көмек көрсеттік? (жауап берген бала тақтаға шығып кемпірқосақ түсін тақтаға қояды).

-Кемпірқосақты алу үшін біз қайда бардық ? (жауап берген бала тақтаға шығып кемпірқосақ түсін тақтаға қояды).

-Ол жерде біздер қандай тапсырмалар орындадық? Балалар біз тапсырманы бұлжытпай орындадықпа?Жарайсындар, сендер бүгінгі оқу-қызметінде өте ақылды ,тәртіпті болдыңдар.Сендерге көп-көп рахмет.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Балаларға денсаулықтың адам өміріне қаншалықты қажет екендігі туралы түсінікті біледі.

Игереді: Логикалық ой-өрісін,қиялын,зейінін,есте сақтау қабілетін, сөйлеу тілін,балалардың өз бойындағы адамгершілік қасиеттерді игереді.

**КМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.